

« Жас дәурен» бөбекжай-бақшасы»

« Айгөлек » ересек тобының тәрбиеленушілермен өткізілген
22-Наурыз Ұлыстың ұлы күні мерекелік ертеңгілік.

Өткізген тәрбиеші: Есмұханова.А.Ж.
19. 03. 2025ж

Мақсаты:

Балаларға Наурыз мерекесінің мәні мен маңызын түсіндіру, ұлттық салт дәстүрлерді дәріптеу, ұлттық ойындар мен ән, билер арқылы қазақ халқының мәдениетін насихаттау.

Безендіру: Сахна ұлттық нақышта безендірілген (киіз үй, дастарқан, алты бақан, ұлттық тағамдар, ою- өрнектер).

Музыка: Науырызға арналған ән ойнатылып тұрады.

Тәрбиеші:

Армысыздар, қадірменді қауым!

Құрметті ата- аналар, Ұжымдастар, және балабақша тәрбиеленушілері!
Бүгін біз ұлыстың ұлы күні – Өз науырызды тойлауға жиналды. Бұл – жақсылықтың, бірліктің, молшылықтың мерекесі! Сіздерді наурыз мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Науырыз айында табиғат оянып, жаңа өмір басталады. Ендеше, Бүгінгі мерекемізді «Айгөлек» ересек тобының тәрбиеленушілерін қошеметпен Бота Бейсенованың «Құтты болсын әз-Наурыз» әнімен ортаға шақырайық!

Ән: Хор «Құтты болсын әз Наурыз »

1.Айлин: Құтты болсын Наурыз жылдың басы.

Диас: Самарқанның еріді бүгін тасы.

Айзере: Жиылған жұрт көрісіп, тілек айтып.

Абду рахман:Бата сұрар үлкеннен ауыл жасы.

Қайырмасы:

Аруназ:Наурыз, Наурыз халәләку-ләйлім.

Көзайым: Наурыз, Наурыз лиләләку-ләйлім} 2рет

Аяна: Ұлыс күні оң болсын!}2рет

Аяла: Дастарханың мол болсын!}2рет

Кәусар: Құтты болсын әз Наурыз!}2рет

2. Жәдігер: Ақ түйенің қарны жарылған күн,

Назмейір: Өкпе, нала болса егер арылған күн.

Айым: Наурыз көже әр үйден дәмін татып

Асылым: Ақ дастархан кеңінен жайылған күн!

Қайырмасы:

Би Қара жорға

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар!

Күн жайнайды жарқырап,

Жып – жылы айнала, атырап.

Тақпақтарын айтады

Балаларым жарқырап! - дей отыра келесі кезекті тақпақтарға береміз.

Мерейлім:

Көктем келді - гүл келді,

Қар еріді су келді.

Наурыз тойы салтымыз,

Бізге қуаныш әкелді!

Ясин

Наурыз айы келді деп,

Қуанамыз бәріміз.

Жарқыраған күндей боп,

Жадырайды жанымыз!

Қызғалдақ

Наурыз келді тойлайық,

Далаға шығып, ойнайық.

Қызғалдақ өсті қарашы,

Жүр досым, соны жинайық!

Айсезім:

Топ-топ жаңбыр жауады,

Жерге нәрі тарады

Атам «егін өссін»- деп,

Жерге дәнді салады.

Омар:

Наурыз келді тамаша!

Би билейік жараса.

Наурыз көже пісіпті

Ішейікші таласа!

Абдулғани:

Атам менің ақ батасын береді,

Ырыс - бақыт, береке үйге келеді.
Әжем менің ақ бауырсағын пісіріп,
Бізге дәмді наурыз көже береді.

Тәрбиеші: Жарайсындар балалар!

**Ән Хор: Ербол Бекболатовтың әні: Алақай Наурыз
тамашалаңыздар.**

Сахнаға ұлттық киімдегі ата мен әже кіреді. Алдынан 3-4 бала «ата-
әже»-деп жүгіріп шығады. Әже шашуын шашады

Ата: Диас: Уағалейкумассалам Балаларым Наурыз мерекесі күн мен
түннің теңелген күні! Наурыз – жаңару мен татулықтың мерекесі. Бұл
күні әр үйде дастархан жайылып, үлкендер бата береді.

Қане қолдарыңды жайындар, батамды мен берейін!

Ашық болсын аспаның,
Адал болсын татқаның!
Жүрегіңе нұр қонып,
Бақыт болсын тапқаның!

Аумин!

Әже: Ляайсан Қазақта «төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген сөз
бар. Біз әрдайым бірлікте, ынтымақта болуымыз керек. «Ұлттың
ұлылығы дәстүрінде» -деуші еді. Ендеше қонақтарға қазағымыздың
керемет дәстүрін көрсетіп жіберейік.

«Тұсау кесу» дәстүрі.

Мақсаты: Балаларға ұлттық құндылықтарды дәріптеу, олардың
маңызын түіндіру.

Қазақ халқының салт дәстүріне деген құрмет пен қызығушылығын
арттыру.

Балаларды имандылыққа, үлкендерді сыйлауға, отбасы құндылықтарын
балаға үйрету.

Жас сәбиді бесікке салу, қырқынаң шығару, тәй-тәй баса бастағанда
тұсау кесу рәсімі көрсетіледі. Жазира Байырбекованың «Тұсау
кесер» әнін айтып, ақ тілектерін білдіреді

Балалар «Қаз –қаз балам, қаз балам,

Қадам бассан мәз болам.

Күрмеуінді шешейін,

Тұсауынды кесейін.

Қаз –қаз балам, қаз балам,

Тақымынды жаз балам.

Қадамына қарайық,

Басқаныңды санайық..»,

Тәрбиеші: батасын береді.

Басқан қадам оң болсын!

Өмір жолы ақ ,түзу болсын!

Ешқашан сүрінбесін!

Дұшпан көзіне ілінбесін!

Өмірі нұрға, көңілі жырға бөленіп жүрсін! Әумин!

Тәрбиеші: Наурыз келіп көңіл күйіміз көтеріліп, баламызды тұсау кесу дәстүрін де жасадық. Шіркін, біздің дәстүрлеріміз өте керемет қой солай емес пе, ата?

Ата:Диас Әрине, өте дұрыс айтасың. Біздің қазақтың дәстүрлерінен бөлек керемет ұлттық биі мен ұлттық ойындары да жетерлік,балам.

Тәрбиеші: Иа, ата, дұрыс айтасыз сол керемет ұлттық биімізді біздің биші қыздарымыз орындауға дайын тұр. Тамашалаңыздар!

Би: «Қамажай »

Ата:Диас Әп, бәрекелді! Өнерлерің өрге жүзсін шырақтарым!

Ән: Хор Бота Бейсенованың әні Наурыз Көктем

Тәрбиеші:

Өнерлері өрлейтін,

Жаман жерде жүрмейтін

Батыр біздің балалар

Жеңілуді білмейтін.

Бір – бірін сыйлар серілер,

Жаттығу жасап керілер.

Ұлттық ойын ойнайды

Біздің мықты серілер – дей отыра ортаға ойынға қатысатын балаларды шақырамыз.

Ұлттық ойындар: «Қол күрес» Тақия тастамақ.Секірмек ойыны, .Асық ату.

Мақсаты: Қазақ ұлтық ойындарын дәріптеу,балаларыдың көңіл күйін одан ары күшейту.

Шарты: Ортада тұрған столға екі бала екі шетінен келеді де, шынтақтарын столға қойып бір-бірімен күш сынасады.

Секірмек ойыны: Асықтарды лақтыру арқылы:Асықтарды түстеріне сәйкес секіру.

Тақия тастамақ: Екі топта шеңбер болып тұрады. Тақияныны шеңбермен айналып келіп бір-бірінің басына кигізу керек. Қай топ бірінші болса,жеңіске жетеді.

Асық ату: Ортадағы хан асығын кім жеңіп алса, жеңіске жетеді.

Тәрбиеші: Көктем келіп қуанғасын,

Жүрек жайнап шаттанасың

Өлең оқып, би билеп,

Шабыттанып ән саласың!- дей отыра кезекті әнге береміз.

Ән: «Көктем келді» Бота Бейсенова

Тәрбиеші: Наурыз көжеге керекті тағамдарды атайық: су,тұз, қазы, құрт,бидай, тары, айран наурыз көжеміз дайын ас болсын!

Мол дастархан жайылған,

Құйылды наурыз көжеміз

Астан дәмдер татыңыздар

Сіздер үшін жайылған!-дей отыра сіздерді төрде жайылған дастарғаннан дәм татуға шақырамыз. Сонымен қатар бүгінгі думандатып өткізген мерекемізді аяқтаймыз. Бүгінгі мерекеге ат салысқандарыңызға мың да бір алғыс! Қош сау болыңыздар!



